

"Болашақ" халықаралық стипендиясы бойынша шығыс нормаларын, оқуға және тағылымдамадан өтуге арналған үлгілік шарттарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 13 сәуірдегі № 163 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 2 маусымдағы № 257 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 8 маусымда № 15204 болып тіркелді

"Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 44-4) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 11 маусымдағы № 573 қаулысымен бекітілген "Болашақ" халықаралық стипендиясын тағайындау үшін үміткерлерді іріктеу қағидаларын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Болашақ" халықаралық стипендиясы бойынша шығыс нормаларын, оқуға және тағылымдамадан өтуге арналған үлгілік шарттарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 13 сәуірдегі № 163 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7613 болып тіркелген, "Егемен Қазақстан" газетінің 2012 жылғы 29 мамырдағы № 274-278 (27352) санында жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

2-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес магистр дәрежесін алу үшін оқуды ұйымдастыруға (өз бетімен түскендер және жалпы конкурс санаттары бойынша конкурсқа қатысқан адамдар үшін);";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Елдер бөлігінде "Болашақ" халықаралық стипендиясының көлемін анықтау үшін шығыс нормалары осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Магистр дәрежесін алу үшін оқуды ұйымдастыруға (өз бетімен түскендер санаты бойынша конкурсқа қатысқан тұлғалар үшін) арналған үлгілік шартта:

атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"Магистр дәрежесін алу үшін оқуды ұйымдастыруға (өз бетімен түскендер немесе жалпы конкурс санаттары бойынша конкурсқа қатысқан адамдар үшін) арналған үлгілік шарт";

2.3.7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2.3.7. Оқу сабақтарына қатысуға, Оқу орны белгілеген мерзімде тапсырмалардың барлық түрлерін орындауға, бекітілген Оқу жоспарымен көзделген сынақтарды,

емтихандарды және бақылаудың өзге де түрлерін уақтылы тапсыруға, оқу процесінде Оқу орны белгілеген әрбір аралық оқу кезеңінің (семестр, триместр немесе оқу жылы) қорытындысы бойынша академиялық үлгерімді Оқу орнының бағалау жүйесіне сәйкес анықталатын үлгерімнің ең көп көрсеткішінен кемінде 65 (алпыс бес)* пайызға баламалы бағаға/балға қамтамасыз етуге.";

ескерту мынадай редакцияда жазылсын:

"*Ескерту: Ирландия Республикасы, Аустралия, Ұлыбритания мен Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігі үшін үлгерім көрсеткіші кемінде 55 (елу бес) пайыз.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген PhD докторы, бейіні бойынша (маман даярлауға жұмыс берушінің тапсырысын ұсынған мемлекеттік қызметшілер, ғылыми, педагог қызметкерлер арасынан) доктор дәрежесін алу үшін оқуды ұйымдастыруға арналған үлгілік шартта:

2.3.7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2.3.7. Оқу сабақтарына қатысуға, Оқу орны белгілеген мерзімде тапсырмалардың барлық түрлерін орындауға, бекітілген жеке Оқу жоспарымен көзделген сынақтарды, емтихандарды және бақылаудың өзге де түрлерін уақтылы тапсыруға, оқу процесінде Оқу орны белгілеген әрбір аралық оқу кезеңінің (семестр, триместр немесе оқу жылы) қорытындысы бойынша академиялық үлгерімді Оқу орнының бағалау жүйесіне сәйкес анықталатын үлгерімнің ең көп көрсеткішінен кемінде 65 (алпыс бес)* пайызға баламалы бағаға/балға қамтамасыз етуге.";

ескерту мынадай редакцияда жазылсын:

"*Ескерту: Ирландия Республикасы, Аустралия, Ұлыбритания мен Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігі үшін үлгерім көрсеткіші кемінде 55 (елу бес) пайыз.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Магистр дәрежесін алу үшін оқуды ұйымдастыруға арналған (конкурса мемлекеттік қызметшілер, ғылыми-педагог қызметкерлер, инженерлік-техникалық қызметкерлер, мәдениет қызметкерлері, шығармашылық қызметкерлер, бұқаралық ақпарат құралдары редакциясының қызметкерлері санаттары бойынша қатысқан тұлғалар үшін) үлгілік шартта:

2.3.11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2.3.11. Оқу сабақтарына қатысуға, Оқу орны белгілеген мерзімде тапсырмалардың барлық түрлерін орындауға, бекітілген Оқу жоспарымен көзделген сынақтарды, емтихандарды және бақылаудың өзге де түрлерін уақтылы тапсыруға, оқу процесінде Оқу орны белгілеген әрбір аралық оқу кезеңінің (семестр, триместр немесе оқу жылы) қорытындысы бойынша академиялық үлгерімді Оқу орнының бағалау жүйесіне сәйкес анықталатын үлгерімнің ең көп көрсеткішінен кемінде 65 (алпыс бес)* пайызға баламалы бағаға/балға қамтамасыз етуге.

Оқу сабақтарына қатысуға, оқу ұйымы белгілеген мерзімде тапсырмалардың барлық түрлерін орындауға, бекітілген тілдік курстардан өту бағдарламасымен

көзделген тесттерді, емтихандарды және бақылаудың өзге де түрлерін уақтылы тапсыруға";

ескерту мынадай редакцияда жазылсын:

"*Ескерту: Ирландия Республикасы, Аустралия, Ұлыбритания мен Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігі үшін үлгерім көрсеткіші кемінде 55 (елу бес) пайыз.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Резидентурада оқу үшін оқуды ұйымдастыруға (өз бетімен түскендер санаты бойынша конкурсқа қатысқан тұлғалар үшін) арналған үлгілік шартта:

2.3.8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2.3.8. Оқу сабақтарына қатысуға, Оқу орны белгілеген мерзімде тапсырмалардың барлық түрлерін орындауға, бекітілген Оқу жоспарымен көзделген сынақтарды, емтихандарды және бақылаудың өзге де түрлерін уақтылы тапсыруға, оқу процесінде Оқу орны белгілеген әрбір аралық оқу кезеңінің (семестр, триместр немесе оқу жылы) қорытындысы бойынша академиялық үлгерімді Оқу орнының бағалау жүйесіне сәйкес анықталатын үлгерімнің ең көп көрсеткішінен кемінде 65 (алпыс бес)* пайызға баламалы бағаға/балға қамтамасыз етуге.";

ескерту мынадай редакцияда жазылсын:

"*Ескерту: Ирландия Республикасы, Аустралия, Ұлыбритания мен Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігі үшін үлгерім көрсеткіші кемінде 55 (елу бес) пайыз.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген PhD докторы, доктор бейіні бойынша доктор дәрежесін алу үшін оқуды ұйымдастыруға (өз бетімен түскендер санаты бойынша конкурсқа қатысқан тұлғалар үшін) арналған үлгілік шартта:

2.3.8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2.3.8. Оқу сабақтарына қатысуға, Оқу орны белгілеген мерзімде тапсырмалардың барлық түрлерін орындауға, бекітілген жеке Оқу жоспарымен көзделген сынақтарды, емтихандарды және бақылаудың өзге де түрлерін уақтылы тапсыруға, оқу процесінде Оқу орны белгілеген әрбір аралық оқу кезеңінің (семестр, триместр немесе оқу жылы) қорытындысы бойынша академиялық үлгерімді Оқу орнының бағалау жүйесіне сәйкес анықталатын үлгерімнің ең көп көрсеткішінен кемінде 65 (алпыс бес)* пайызға баламалы бағаға/балға қамтамасыз етуге.";

ескерту мынадай редакцияда жазылсын:

"*Ескерту: Ирландия Республикасы, Аустралия, Ұлыбритания мен Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігі үшін үлгерім көрсеткіші кемінде 55 (елу бес) пайыз.".

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң қызметі және халықаралық ынтымақтастық департаменті (Н.А.Байжанов) белгіленген заңнамалық тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде осы бұйрықтың көшірмесін ресми жариялау үшін мерзімді баспа басылымдарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Б. А. Асыловаға жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі

Е. Сағадиев

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2017 жылғы 2 маусымдағы
№ 257 бұйрығына қосымша
Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2012 жылғы 13 сәуірдегі
№ 163 бұйрығына 1-қосымша

Елдер бөлінісінде "Болашақ" халықаралық стипендиясының көлемін анықтау үшін шығыс нормалары

1. Тұруға, тамақтануға және оқу әдебиеттерін сатып алуға арналған шығыс нормалары:

№ р/ с	Мемлекет	Бір айда "Болашақ" халықаралық стипендиясы иегерлерінің оқу / тағылымдама процесінде тұруға арналған шығыс нормалары	Бір айда "Болашақ" халықаралық стипендиясы иегерлерінің оқу / тағылымдама процесінде тамақтануға арналған шығыс нормалары	"Болашақ" халықаралық стипендиясы иегерлерінің оқу/тағылымдама процесінде оқу әдебиеттерін сатып алу бойынша шығыс нормалары				
				бакалавриат / жоғары арнаулы білім (оқу жылы)	магистратура/ клиникалық ординатура/ резидентура (оқу жылы)	аспирантура/ докторантура (оқу жылы)	тілдік курстар/ магистратура алдындағы дайындық (ай)	тағылымдамал (ай)
1.	Аустрия Республикасы	750 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	800 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	800 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	900 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	1000 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	75 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	90 АҚШ долларына балама сомадан артық емес
		1100 АҚШ долларына	800 АҚШ долларына	800 АҚШ долларына	900 АҚШ долларына	1000 АҚШ долларына	75 АҚШ долларына	

[illegible]

[illegible]

		сомадан артық емес	сомадан артық емес	сомадан артық емес	сомадан артық емес	сомадан артық емес	сомадан артық емес	балама сомада артық емес
20	Польша Республикасы	550 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	700 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	600 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	700 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	800 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	60 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	70 АҚШ долларына балама сомада артық емес
21	Сингапур Республикасы	900 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	600 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	500 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	600 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	800 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	50 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	70 АҚШ долларына балама сомада артық емес
22	Украина Республикасы	400 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	500 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	200 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	400 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	500 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	35 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	40 АҚШ долларына балама сомада артық емес
23	Ресей Федерациясы	400 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	600 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	200 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	400 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	500 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	35 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	40 АҚШ долларына балама сомада артық емес
	Мәскеу қ.	500 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	800 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	200 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	400 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	500 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	35 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	40 АҚШ долларына балама сомада артық емес
24	Румыния	500 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	500 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	300 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	400 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	500 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	35 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	40 АҚШ долларына балама сомада артық емес
25	Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия біріккен корольдігі	900 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	1000 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	800 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	900 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	1000 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	75 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	90 АҚШ долларына балама сомада артық емес
	Лондон қ.	1200 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	1000 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	800 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	900 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	1000 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	75 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	90 АҚШ долларына балама сомада артық емес
	Америка Құрама Штаттары:							
	Айова, Алабама, Арканзас, Индиана, Вирджиния, Висконсин, Б а т ы с Вирджиния,							

26	Канзас, Кентукки, Миссисипи, Миссури, Небраска, Огайо , Оклахома, Орегон, Солтүстік Дакота, Солтүстік Каролина, Теннесси, Оңтүстік Дакота , Оңтүстік Каролина штаттары	800 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	700 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	1300 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	1400 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	1500 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	120 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	130 АҚШ долларына балама сомада артық емес
	Айдахо, Аризона, Вайоминг, Вермонт, Делавэр, Луизиана, Монтана, Мэн, Невада, Нью-Мексико, Техас, Юта штаттары	800 АҚШ долларына	750 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	1300 АҚШ балама сомадан артық емес	1400 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	1500 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	120 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	130 АҚШ долларына балама сомада артық емес
	Аляска, Вашингтон, Джорджия, Колорадо, Мичиган, Нью-Йорк, Нью-Хэмпшир, Пенсильвания штаттары	800 АҚШ долларына балама сомада артық емес	800 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	1300 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	1400 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	1500 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	120 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	130 АҚШ долларына балама сомада артық емес
	Гавайи, Миннесота штаттары	900 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	800 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	1300 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	1400 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	1500 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	120 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	130 АҚШ долларына балама сомада артық емес
	Иллинойс, Коннектикут, Массачусетс, Мэриленд, Нью-Джерси, Род-Айленд, Флорида, Колумбия Федеративтік округы штаттары	900 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	850 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	1300 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	1400 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	1500 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	120 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	130 АҚШ долларына балама сомада артық емес

[illegible]

[illegible]

43	Мексика Құрама Штаттары	500 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	500 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	-	400 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	500 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	-	40 АҚШ долларына балама сомада артық емес
44	Ч и л и Республикасы	600 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	650 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	-	600 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	700 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	-	65 АҚШ долларына балама сомада артық емес
45	Бразилия Федеративтік Республикасы	450 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	550 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	-	400 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	500 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	-	40 АҚШ долларына балама сомада артық емес
46	Оңтүстік Африка Республикасы	500 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	600 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	-	400 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	550 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	-	45 АҚШ долларына балама сомада артық емес
47	Қазақстан Республикасы*	130 мың теңге	150 мың теңге	-	-	-	-	-

*Ескерту: Қазақстан Республикасында тілдік курстардан өту үшін.

2. Өзге де шығыс нормалары:

визаны рәсімдеу, ұзарту (консулдық жинақ), виза (консулдық жинақты) рәсімдеу үшін Елшіліктің талабы бойынша міндетті көрсетілетін қызметтер;

шетелдік жоғары оқу орындарына 5-тен (бестен) аспайтын сауалнама нысанын ресімдеу және беру;

қабылдаушы елдің уәкілетті органдарында және шетелдік жоғары оқу орындарында стипендиаттардың тіркелуі;

шет тілін білу деңгейін анықтауға бір тестілеуді қоса алғанда, Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссияның шешімі бойынша өтуі қажет болған жағдайда тілдік курстар;

академиялық оқуға түсу үшін шетелдік жоғары оқу орындарының талаптары бойынша дайындықтың академиялық және техникалық деңгейін анықтау бойынша пәндік емтихандарды бір реттен көп емес тапсыру;

стипендиаттың академиялық оқуға, тілдік курстарға, магистратура алдындағы дайындық курстарына түсу кезінде, сондай-ақ тілдік және магистратура алдындағы дайындық, академиялық оқу, тағылымдама процесінде қажетті шетелдік жоғары оқу орындарының, тағылымдамаларды, магистратура алдындағы дайындықты өткізуді жүзеге асыратын шетелдік ұйымның (бұдан әрі – шетелдік ұйым), тілдік курстардың (бұдан әрі – тілдік мектептер) талаптары бойынша міндетті қызметтер;

тілдік курстардан, магистратура алдындағы дайындықтан өту, академиялық оқу, тағылымдамадан өту елдерінің және/немесе шетелдік жоғары оқу орнының, тілдік мектептің, шетелдік ұйымның талаптары бойынша міндетті медициналық тексеріс;

стипендиаттың банктік карточкасын шығару, әрекет ету мерзімінің аяқталуы бойынша оны қайта шығару және оған қызмет көрсету;

шетелдік жоғары оқу орындарының, тілдік мектептер немесе шет мемлекеттердің уәкілетті органдары айқындайтын шетелдік ұйымдардың (бұдан әрі – шетелдік әріптестер) стипендиаттың үлгерімі (транскрипт) туралы ресми құжаттарды ұсынуы, шетелдік студенттерге арналған жазатайым жағдайлардан, аурудың кенеттен туындауынан медициналық сақтандыру, шетелдік әріптестердің академиялық оқуды, тілдік курстарды, магистратура алдындағы дайындықты, тағылымдаманы ұйымдастыру бойынша қызмет көрсету шарттары бойынша өз міндеттемелерін орындауына байланысты шығыс нормалары.

Шығыстарды төлеу растаушы құжаттардың негізінде нақты шығыстар бойынша жүргізіледі.

3. "Болашақ" халықаралық стипендиясы тағайындалғаннан кейін академиялық оқу немесе тілдік курстан, магистратура алдындағы дайындықтан, тағылымдамадан өту басталуына дейін күнтізбелік 15 күннен ерте емес Қазақстан Республикасында тұратын жерінен академиялық оқу, тілдік курстардан, магистратура алдындағы дайындықтан, тағылымдамадан өту орнына дейін бару және тілдік курстар, магистратура алдындағы дайындық, академиялық оқу немесе тағылымдамадан өту аяқталғаннан кейін күнтізбелік 15 күннен кешіктірілмей кері бағытта жол жүру, академиялық оқу 1 (бір) оқу жылынан ұзақ болған жағдайда, Қазақстан Республикасында тұратын жерінен оқитын жеріне дейін оқудың әрбір оқу жылы басталуына дейін күнтізбелік 15 күннен ерте емес және кері бағытта жол жүру оқудың әрбір оқу жылы аяқталғаннан кейін күнтізбелік 15 күннен кешіктірілмей, сондай-ақ Қазақстан Республикасында визаны ресімдеу не ұзарту қажет болған жағдайда академиялық оқу, тағылымдамадан, тілдік курстардан, магистратура алдындағы дайындықтан өту орнынан және кері бағытта жол жүру бойынша шығыс нормалары.

Шығыстарды төлеу растаушы құжаттардың негізінде нақты шығыстар бойынша жүк тасымалдау ақысын төлеусіз, жүргізіледі:

1) Қазақстан Республикасының ішінде жол жүру бойынша – тікелей қатынайтын әуе және (Қазақстан Республикасына келген сәттен тұру жеріне дейін/тұру жерінен Қазақстан Республикасынан шығу сәтіне дейін күнтізбелік 5 күннен аспауы қажет) купе вагоны (жүрдек поездардың жұмсақ дивандары төмен орналасқан, қалпын реттейтін құрылғысымен бірге жұмсақ креслолары бар (СВ), сондай-ақ "Турист" және "Бизнес" класындағы 2 орындық купелі вагондарды қоспағанда) тарифінен жоғары емес теміржол көлігін пайдалану үшін сол аймақта қолданыстағы жол жүру құнымен тас жол және қара жол бойынша автокөлікті (таксиді қоспағанда) пайдалану үшін;

2) Қазақстан Республикасынан тыс жерге жол жүру бойынша – үнемділік класы бойынша тікелей қатынайтын әуе көлігін пайдалану үшін (жол жүру уақыты күнтізбелік 5 күннен аспауы қажет), теміржол көлігін пайдалану үшін, сол аймақта қолданыстағы жол жүру құны бойынша тас жол мен қара жол бойынша автокөлікті (таксиді қоспағанда) пайдалану үшін.

Стипендияны есептеу стипендиаттың нақты тұрған жерінің шығыс нормалары бойынша жүргізіледі. Егер стипендиат тілдік курстар, магистратура алдындағы дайындық, академиялық оқу (практика, зерттеу немесе бекітілген оқу жоспарында/жеке оқу жоспарында көзделген басқа жұмыс) уақытында "Болашақ" халықаралық стипендиясы тағайындалған елден ерекшеленетін елде, штатта немесе қалада болса, есептеу стипендиаттың нақты тұратын елінің бекітілген нормативі бойынша осындай норматив елдер бөлінісіндегі шығыс нормаларының бекітілген тізімінде болса, жүргізіледі. Норматив болмаған жағдайда, есептеу тағайындау елі бойынша жүргізіледі.

"Болашақ" халықаралық стипендиясы иегерлеріне оқу елінде тұру және тамақтану шығыстарының ай сайынғы сомасын есептеу кезеңі шетелдік жоғары оқу орнының / білім беру ұйымының академиялық күнтізбесіне, шақыру хатына (алғаш рет шығатындар үшін), студенттік визаны рәсімдеу үшін иммиграциялық емес нысандарға (DS-2019, 1-20), тағылымдамадан өтудің бекітілген бағдарламасына, бекітілген оқу жоспарына / жеке оқу жоспарына (академиялық оқуын жалғастыруға шығатындар үшін) сәйкес оқу елінде нақты оқудың, тағылымдамадан, тілдік курстардан, магистратура алдындағы дайындықтан өтудің, бірақ оқуды / тағылымдамадан өтуді ұйымдастыру шартымен белгіленген мерзімнен аспайтын кезеңі болып табылады.

Оқу елінде тұру және тамақтану шығыстарының ай сайынғы сомаларын есептеу әрбір күнтізбелік айға толық көлемде жасалады.

Академиялық оқудың, тағылымдамадан, тілдік курстардан, магистратура алдындағы дайындықтан өтудің бірінші айы және академиялық оқудың, тағылымдамадан, тілдік курстардан, магистратура алдындағы дайындықтан өтудің соңғы айы күндерінің жалпы саны күнтізбелік отыз немесе одан кем күнді құраса, онда төлем академиялық оқудың, тағылымдамадан, тілдік курстардан, магистратура алдындағы дайындықтан өтудің бірінші немесе соңғы айында жүзеге асырылады.

Оқу кезеңінің бірінші немесе соңғы айының оқу күндерінің саны күнтізбелік үш күннен аспаса, онда осы айлар үшін төлем жасалмайды.

Академиялық оқу кезеңінде оқу материалдарын сатып алу шығыстарының сомаларын есептеу бекітілген оқу жоспарына сәйкес жылына екі рет жүргізіледі, тілдік курстардан, магистратура алдындағы дайындықтан және тағылымдамадан өту кезеңінде ай сайын жүргізіледі.

Тұру, тамақтану және оқу әдебиеттерін сатып алу үшін стипендияны есептеу және төлеу Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен бекітілген

нормаларға сәйкес ведомость құру күніндегі валюта айырбастаудың нарықтық курсы бойынша жүргізіледі. Тұру және тамақтану шығыстарының ай сайынғы сомаларын төлеу алдыңғы айдың 25-інен бастап ағымдағы айдың 5-іне дейін жүргізіледі.

"Болашақ" халықаралық стипендиясы иегерлерінің жоғары арнаулы білім алу, клиникалық ординатурада, аспирантурада оқу үшін "бакалавриат" бағдарламасы бойынша оқу процесінде оқу әдебиеттерін сатып алу бойынша шығыс нормалары 2012 жылға дейінгі "Болашақ" халықаралық стипендиясын тағайындау конкурсына қатысқан стипендия иегерлеріне қолданылады.